





Президент  
Нұрсұлтан Назарбаев  
туралы замандастар толғанысы

---



**Несілбек  
АЙТҰЛЫ**

**Ақселеу  
СЕЙДІМБЕК**

**Қойшығара  
САЛҒАРАҰЛЫ**

**Рымғали  
НҰРҒАЛИ**

**Мырзатай  
ЖОЛДАСБЕКОВ**




**KUL TECIN**

БАЙТЕРЕК



**KULTECIN**  
АСТАНА 2003



Президент  
Нұрсұлтан Назарбаев  
туралы замандастар толғанысы



**ББК 84 (5Каз)  
Б 32**

**Бәйтерек. Поэма және мақалалар. Әдеби-публицистикалық жинақ.**  
**Б 32 Н. Айтұлы, А. Сейдімбек, Қ. Салғараұлы, Р. Нұргали,**  
**М. Жолдасбеков. – Астана: Құлтегін, 2003. – 168 бет.**  
**ISBN 9965-9204-3-5**

Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жайында көз көрген, өзімен бірге қызметтес, пікірлес болған замандастары көптең жазып келеді. Қолыңыздағы кітап – соның заңды жалғасы.


Бұл кітапта – Президент өз қолымен құрып, үнемі қамқорлық жасап келе жатқан, жыл сайын қанат жайып өркендең келе жатқан Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіғалымдарының Елбасы жайындағы жүрекжарды сөздері мен «Бәйтерек» атты жаңа поэма жарияланды.

**Б - 4702250200 -02-03  
00 (05) - 03**

**ББК 84 (5 Каз)**

**ISBN 9965-9204-3-5**

**© “Құлтегін” баспасы**



## БЕТАШАР

Арғы-бергі тарихты шолып қарасаң, осынау сайын даланың төсінде ықылым замандардан бері қалың ел басынан не кешпеді десеңізші. Осы бір ұлы, байтақ далада жүртты аузына қаратқан: Тұмар, Мәде, Еділ, Бумын, Естеми, Құтлығ, Тонықөк, Білге, Құлтегін, Қорқыт, Фараби, Яссауи, Бейбарыс, Мұхаммет Хайдар, Қадыргали, Едіге, Қазтуған, Керей, Жәнібек, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Абылай, Қабанбай, Сүйінбай, Абай, Жамбыл, Байтұрсынов, Бекейханов, Қонаев, Мақатаев, тағы басқа да не бір ғұламалар, айтулы абыздар өмір кешті.

Кім келіп, кім кетпеген түпсіз дүниеге, талай қирап, талай тұрған ақсарайда, талай үзіліп, талай түзелген, сөйтіп жалғасып келе жатқан тарихта не бір көсем мен кеменгер, шешен мен дана, не бір батырлар, жақсы менен жайсандар өмір сүрді, дегеніне жете алмады, артында із, байтақ мұра қалды.

Сан мың ұрпақ жетпеген асыл арманға Нұрсұлтан Назарбаев жетті, жалғыз жеткен жоқ, ел-жүртімен бірге жетті, халқын бірге жеткізді: Төуелсіздік орнатты, мемлекеттігін қалыптастырыды, шекарасын бекітті, Қазақстанын тез түзең, өлемдік қауымдастықтың санатына косты, экономикасын нығайтты, халқының

ынтымағын арттырды, екі мың жылдықтың тоғысында астанасын Арқаға көшірді, ұлтының бар қасиетін көзінің қарашығындай сақтауда; ел қамы деп түн үйқысын төрт бөліп, күндіз тыным таппай, жарты өмірін аспанда өткізіп келеді. Сөйтіп бедел-абырой жинады, оны елінің болашағына, игілігіне жұмсап келеді. Бүгінде халқымен бірге тұасты. Нұрекең елін өрге жалғыз өзі сүйреп келе жатқандай көрінеді маған.

Президент Назарбаев жалған сөйлеген емес, қашан да ағынан жарылып ашығын, шыңыраудан тартып шындығын айтуда. Кешегі сайлауға түскен сын сағатта да ақиқатқа жүргінді, дәл қазір бөрінді де қарқ қыламын, жарылқай қоямын деген жок, өлде де алда қыындықтардың болатынын ескертті. “Тура биде туған жок” дегендей, турасын айтып туғанына да жақпаған кездері аз болған жок. Сонда да елі, жұрты Нұрекенді қолдады.

Жасыратыны жок, Президентті түсінбеген кездеріміз де болды. Заманынан озық айтылған ойларын ұғына алмай өкініп журдік. Аз ғана жылдарда біз сөйтіп қаншама құдікті бастан кешірдік, ақырында құдіктің – үмітке, үміттің – сенімге айналғанына күе болдық.

Азиядағы өзара ынтымактастық, Еуразия Одағы, ТМД елдерінің қарым-қатынасы төңірегіндегі ұсыныстары Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық беделін биікке көтерді. Дін конфессиялары жетекшілерінің бас қосуын Қазақстанда өткізу жөніндегі Президенттің жаңа ұсынысы бүгінгі ушығып тұрган ахуалда өлем тұрғындарының көңіліне үміт отын жаққандай болып отыр.

Нұрсұлтан Назарбаев – адамзат тарихын терең билетін, замана ағымын да жіті болжайтын, өлемнің озық тәжірибесін ұтымды пайдаланып, ата-бабадан қалған асыл өнегемен өдемі үйлестіріп, ұштастырып келе жатқан стратег, төуелсіздік заманының бірнеше үрпағын білімпаздықпен өсіріп келе жатқан жетекші.

Жап-жас жігіттердің күні кеше бесіктен белі шықпай жатып министр болғандығы да сол Нұрекенің арқасы еді. “Кедей – байға, бай – құдайға жетсем” дегендей, бас-басына би болғысы келгендер ағасының өлгі жақсылығын місе тұтпай, бірі жағадан алыш, бірі етектен тартып, бірі аяқтан шалғандай болды. Елбасы сонда да кеңшілік жасады, өз күшігін өзі талаған жок, ағалық ақылын айтып, бауырына тартты. Өстіп көрегендіктің, кешірімділіктің тағы бір үлгісін танытты.

Нұрсұлтан Назарбаев – әлем мойындаған, жаһанға атағы жеткен, жер бетіне сөзін өткізіп, дегенін істетіп отырған бүгінгі заманның ұлы саясаткері, лидері, ата кіндігінен ерекше дарынды туған, тумысынан қасиет дарыған қайраткер, табанды құрескер, гуманист, туған халқының Бәйтерегі, көсемі.

Бір кездері Нұрекең елінен гөрі сыртқа қадірлі еді, құдайға шүкір, ел ішінде беделі асты, алмастай жарқылдаған асыл нұры, аңқылдаған ақ пейілі, акжарқын күлкісі елін нұрландыра бастады. Келешек ұрпақтың тұңғыш Президент туралы жан-жақты, терең жазатынына еш күмән жок. Көз көрген, өзімен бірге қызметтес, пікірлес болған замандастары да жазып келеді. Бұл кітап – соның жалғасы, Президент өз қолымен құрып, үнемі қамкорлық жасап келе жатқан, жыл сайын қанат жайып өркендей түскен Еуразия ұлттық университеті Галымдарының Елбасы жайындағы жүрекжарды сөзі.

Кітап үш бөлімнен тұрады. *Бірінші бөлімде* ақын Н.Айтұлының “Бәйтерек” атты жаңа поэмасы жарияланып отыр. Президент жайында жазылып, бояуы әлі кеуіп үлгірмеген бұл поэма соңғы кезеңдегі дәуір тудырған елеулі оқиға, қазақ поэзиясының тамаша табысы. Егемендік, ұлт, рух, бірлік-тұтастық, Астана туралы терең толғанған, кезеңнің тамырын дәл басқан, келбетін ашқан тарихи поэма Президенттің биік тұлғасын, жарқын келбетін, бәйтеректей байтақтығын шеберлікпен сомдайды, шабытпен жырлайды. Ақын ағынан жарылады.

*Екінші бөлімде:* А.Сейдімбектің “Төуелсіздік және тұлға”, Қ.Салғараұлының “Көрегендік көсемге тән”, Р.Нұргалидың “Жұздесулер жүректе қалды”, “Адамзатқа аманат” мақалалары берілді.

*Үшінші бөлімге* менің Президент жайында жазылған: “Күнің барда күліп жүр”, “Елінің Нұры, Сұлтаны”, “Астана – Бас қала”, “Рух әволюциясы”, “Н.Назарбаев и евразийская идея” және “Элитарный университет в Евразийском пространстве” деп аталатын мақалаларым енді.

*Мырзатай Жолдасбеков*

I

б ө л і м

**БӘЙТЕРЕК**  
**ПОЭМА**

Несіпбек  
АЙТҰЛЫ

Ғасырда көтерілген намыс тудай,  
Алаштың бағы жанбас арыс тумай.

Автор

I

Тұбіне тіршіліктің тағдыр ие,  
Тәнірдің ғұзырында бар дүние.  
Қызыл тіл қара тасты балқытады,  
Келгенде қыл қобыздай зар күйіне.

Сүрінбес, су төгілмес тілім жорға,  
Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда!  
Шақырып аруағынды, атынды атап,  
Өзіңе сыйынбаған күнім бар ма!?

Өлеңнің ақтангері арғы бабам,  
Басынан ешкім асып қарғымаған.  
Тұсімде Тәуелсіздік Падишасы,  
Ақ қағаз, алтын қалам берді маған!

Сенемін асыл сөздің тозбасына,  
Жетеді өз бақыттым өз басыма.  
Күбірлеп құлағыма жеті тұнде,  
Коймады осы жырды жазбасыма!..

Колында жүйрік қалам жарқылдаса,  
Сөзінді арманың не ел тыңдаса!  
Кеудемде көз бар шыгар қайнап жатқан,  
Тамшысы тандайымның сарқылмаса!..

II

Шүкірлік жарылқаған Аллаға мың,  
Мандайы жарқырады кең даланың.  
Тәуелсіз атқан таңның арқасы ғой,  
Қанатты еркін қағып самғағаным.

Айығып ой тұманнан, сана бұлттан,  
Жазылды ескі жара жан ауыртқан.  
Азаттық аясында қандай бақыт,  
Тәуелсіз тыныс алыш, ауа жұтқан!

Жаныма жақындасаң мұндастыңмын,  
Келмейді енді ешкімнен сыр жасырғым.  
Не пайда дүниенің кеңдігінен,  
Болмаса бостандығы бір басыңның?!

Тарихты қазып қайтем сан айтылған,  
Ақ сарай талай қирап, талай тұрган.  
Түгендер алар өзі керек қылса,  
Асықпай артық-кемін санайтын жан.

Халқымның сан ғасырлық гұмыры да,  
Уақыттың жұқ болмапты жұмырына.  
Армысың, Азаттығым, қыран қанат,  
Жарқылдал қайта қонған тұғырына.

Қаймықпай тас қамалдан, мұз бөгеттен,  
Кенеттен тұскендейсің бізге көктен.  
Жолында жорық салып бабаларым,  
Арыстар аласұрып ізден өткен.

Аруақтар аунап түсті тебіренген,  
Сақтасын жатқа қайта телігеннен.  
Алмастай жарқылдаған ақ жүзінді,  
Адамда арман болмас көріп өлген!

Тағдырын төлкек қылып айлалыға,  
Талайлар тура жолдан таймады ма?  
Шынжырда шыр айналып тұрса-дағы,  
Ит қана семіреді тойғанына.

Қайратың қара тасқа қайралғандай,  
Қай кезде төрт құбылаң сай болғандай.  
Құлқынның құлдарына қарағанда,  
Пақырдың парасаты пайғамбардай.

Туған ел, жаралғалы не көрмедің,  
Көрейін көсегенің көгергенін.  
Қырыда қыршындарың қалды қанша,  
Бұйырмай бір жапырақ сенен кебін.

Көзіндей бабалардың, бағзы мекен,  
Бас иіп тау-тасыңа тағзым етем.  
Шиыры озырлықтың шым-шытырық,  
Соқпағы әділдіктің жалғыз екен...

### III

Жеткізбес құдай сүйсе баққа кімді,  
Қарыны ақ түйенің ақтарылды.  
Ат шаптыр, аруақ шақыр, тойла, қазак,  
Тәуелсіз тұңғыш патшаң таққа мінді.

Ошақтың үш бұтындей үшкіл, қазак,  
Ел болып еңсе көтер, күш қыл, қазак.  
Сырдың бүйрегіндей бытырасан,  
Қашанда көрер күнің мүшкіл, қазак!

Тажалдың тамағы бол игілігің,  
Заманның көрдің салған қиғылығын.  
Еркінде қалай бұрсаң аттың басын,  
Өзіңе өз тізгінің тиді бүгін!

Жұндеңен жуанды да, жуасты да,  
Бодандық батты мәңгі су астына.  
Ұлт болсаң ұятың бар, иманың бар,  
Ал, енді жиналындар Ту астына!

Бір Алла тілегінді етсе қабыл,  
Бітеді қораңа мал, бақшана гүл.  
Төріңе түгел шығып қасқа-жайсан,  
Кенелсін абыройға патшаң әділ!

Қолдаса игі жақсы ел ағасы,  
Патшаның халыққа тең дара басы.  
Қырағы көптің көзін байлай алмас,  
Тағдырдың түмшалаған томағасы.

Биліктің жалына кім жармаспаған,  
Серкелер сүрінбесін ел бастаған.  
Періште алтын көрсө жолдан тайып,  
Тонаса өзін-өзі онбас қоғам.

Ежелгі жұрт едік қой дүркіреген,  
Хандары күн астында күркіреген.  
Көтеріп төбесіне сыйласқанын,  
Тулақтай егескенін сілкілеген.

Жасайды өз дегенін озған заман,  
Құбылып, қылаң ұрып көзді алдаған.  
Өлмейтін, өзгермейтін ешнэрсе жок,  
Тағынан Тәңір ғана қозғалмаған.

Келмейді адамзатқа қайғы алыстан,  
Соны айтып қамықпады қай данышпан?  
Елдігін сактай алмас енжар халық,  
Кұлықпен, сұмдықпенен айналысқан.

*H. Айтұлы*

---

Арасын бақ пен сордың көрді көзің,  
Арындаң асқақтайтын келді кезің.  
Көлденең көк аттылар басынбай ма,  
Тарпандай танытпаса ел мінезін?

Кең ашып берекеге есігінді,  
Түзетіп, тербете біл бесігінді.  
Сан ғасыр бұршақ салып мойыныңа,  
Құдайдан тілеп едің осы күнді!

Бұгіліп тізе бұкті белдескенің,  
Өлгенің қайта туып, жанды өшкенің.  
Бұлқынған қасіретті қынабында,  
Суырдың намысының наркескенін.

Томирис, Еділ патша, Елтеріс хан,  
Аңсаумен еркін өмір арпалысқан.  
Жете алмай жерүйыққа Асанқайғы,  
Желдіртіп желмаясын жер таусқан.

Жерүйық іздемесең таптыра ма,  
Бұйырар бір түп жусан тоқтыға да.  
Қызырды кіріп келген танымасан,  
Басыңа байырқалап бақ тұра ма?

Бұтағы бойламаса күнге қарай,  
Халық бір қаусап біткен қу қарагай.  
Қандағы қасиеттен айырылсан,  
Қалмайды қуған қырсық құлғанадай.

Тірісің – туған ана тілің барда,  
Өлісің – түп тамырың жұлынғанда.  
Қуатты күннің нұры құтқармай ма,  
Жас өркен үскірікке ұрынғанда.

Жоғалса қыздан иба, ұлдан иман,  
Кең далаң кімге керек құр далиған.  
Жолында Бостандықтың төгілген қан,  
Кетеді судай зая құмға құйған.

Кезеңде қиқу салып жау қаптаған,  
Тұлпар жоқ омырауын шаң қаппаған.  
Ешқашан еңкеймейді елдің туы,  
Ерлері бірін-бірі ардақтаған!

Адамға түсірмесе адам жарық,  
Тірлікті түнек басар қараң қалып.  
Қақ жарған қара қылды билік барда,  
Қашанда патшасына адал халық!

Өмірдің ажыратпай ақ-қарасын,  
Шарадай шайқаған көп шақша басын.  
Әлек боп ел басқару өркімге оңай,  
Халыққа Қөсем болу патшага – сын!

#### IV

Қисыны келелі істің дер шағында,  
Күш-қуат келіде емес келсабында.  
Сөйлейді Назарбаев Нұрсұлтан бол,  
Көк тұлы Қазақстан жер шарында.

Шарпысып жаңа дәуір ескіменен,  
Көз көрді хикіметті естімеген.  
Елбасы шарқ ұрады шартарапқа,  
Қырандай балапаны кеш түлеген.

Андиды қырдан қатер, ойдан қырсық,  
Суырмай саясат жоқ майдан қылшық.  
Қазакты кім сүйемек қолтығынан,  
Тобықтан дұшпан қағып, тайғанда үршық.

Ұрынса ұлан-асыр ғазауатқа,  
Жанады жалғыз қалып қазақ отқа.  
Шақ туды шамырқанып шамданатын,  
Ойлаған елдің қамын азаматқа.

Әр күні, әр сағаты толғаныста,  
Түсіп тұр ауыр салмақ ар-намысқа.  
Азуы алты қарыс алпауыттар,  
Ұқсайды талап жейтін жолбарысқа.

Сабаздар саясаттың майын ішкен,  
Арбайды құлық торын жайып іштен.  
Келеді қанжығаға бөктергісі,  
Шықпаса ойларынан ойың үстем.

Алдаудан жатса-тұрса жазбайды олар,  
Тұмсығы олжа тапса тез майланар.  
Көліне көлкіп жатқан байлығыңың,  
Шақырсан қатар-қатар қаздай қонар.

Жебемей асыл мақсат, асқақ арман,  
Жетер ме мұратына тосқан алдан.  
Аруағы бабалардың кешірер ме,  
Бақыттан айырылса басқа қонған.

Жаңылса жарастықтың жүлгесінен,  
Әрт қояр өшіккендер іргесінен.  
Көңілінен адамзаттың шыға алар ма,  
Көрінбей парасаттың мінбесінен.

Зулаған зымыран оғы заманада,  
Зорлығы зұлымдықтың жоғала ма?  
Қарудан ядролық бас тартпаса,  
Маза жоқ мұңға батқан Жер-Анаға.

Қараса Қазақстан алабына,  
Құрамы қырық қылау – ала-құла.  
Оп-оңай орта жолда арба сынар,  
Тас тисе дөңгелектің шабағына.

Тулай ма ел тынысы тараймаса,  
Үзідан қаны қайнап қараймаса?  
Қауқарсыз қаңбак емес халық деген,  
Жөңкіле жосылатын жел айдаса.

Шаң тұрса шындық атты шарайнаға,  
Көреді өз келбетін қалай ғана.  
Таба алмай ақиқаттың алтын кілтін,  
Өкініп өткен жоқ па талай дана.

Тұсіп тұр азаматтың бағы сынға,  
Тірліктің толқын атқан ағысында.  
Айнымай әділеттің ақ жолынан,  
Топ жарды ғасырлардың тоғысында.

Көненің қалып қоймай ширында,  
Жол тапты асуладардың қызында.  
Жүртүнің аманаты жүрегінде,  
Дәуірдің ауыр жүгі иығында!

V

Соққанда замананың көк дауылы,  
Ел түгіл солқылдайды жер бауыры.  
Көппенен бірге көрер не көрсе де,  
Құдайдың қатардағы ол да құлыш.

Халықтың қарық болса қафанағы,  
Керілер керегенің сафанағы.  
Ауылдан ала қашар түк таппаса,  
Қу басты қасқыр мұжір даладағы.

Ошактың оты шалқып қазан асқан,  
Ондалар шалыс қадам жаза басқан.  
Төндірді қара аспанды әлдекімдер,  
Қырыла қалатындақ қазақ аштан.

Көп үшін кім болғаны күйінбесе,  
Ұршықтай қыындықты үйірмесе?  
Сапырган қара бұлтты қанатымен,  
Дауылға дауылпаздай шүйілмесе?

Қамалдың қабыргасы құламаса,  
Тағанын дей алады кім аласа?  
Қираған құм шөлмектей қоғам кейпі,  
Қиуын қайта тауып құрамаса.

Мұндайда содырлар мен сумақайлар,  
Тайрандап ел үстінде күнде тойлар.  
Сұңқардың желкесіне сұқсыр мініп,  
Құланның құлағында құrbака ойнар.

Мыңқ етпес мәңгүрт пенен маубас қана,  
Сұр жылан іштен шықса – сол масқара.  
Жармасса жау жағаға, бөрі етекке,  
Жер үсті, аспан асты болмас пана.

Арсызға берсең – жақсы, алсаң – жаман,  
Алдына арамдықтан жан салмаған.  
Көршінің қолтығына су бүркеді,  
Атақаз атамандар алшандаған.

Тату жұрт бірі – шекер, бірі – балдай,  
Жарылып жауласатын түрі бардай.  
Қызызы Оңтүстіктің өрге шауып,  
Солтүстік сіреседі сұрі қардай.

Болысса иілместі Тәнір иер,  
Таланса тар ноктаны тағы киер.  
Көсеудің екі басы бірдей ыстық,  
Қай ұшын ұстаса да қолы күйер.

Бермесе пендесіне Алла сабыр,  
Бәрі де арпалыстың далбаса құр.  
Топалаң тиылмайды тентектерді  
Келтіріп тәубасына алмаса бір.

Адалдық арамдықтың қолын қағар,  
Күн келер күткен ұміт орындалар.  
Ұлтының табанынан ызғар өтсе,  
Ұлтарақ, ұлтаны да болуға бар!

## VI

Дүние келе бермес шырайналып,  
Бел буды тәуекелге мың ойланып.  
Алдында болашақтың беті жарық,  
Еңбегі еліне – аян, құдайға – анық.

Шайқасып ата жаумен сан кезенген,  
Бабалар кешіп өткен қанды өзеннен.  
Байқаса, шығатұғын жол біреу-ак,  
Бұралаң тайғақ кешу, тар кезеңнен.

Фасырда көтерілген намыс тудай,  
Алаштың бағы жанбас арыс тумай.  
Орнығып ел іргесі беки қоймас,  
Ортаға астананы ауыстырмай.

Мақсаттан көзі жеткен тартына ма,  
Біледі түсетінін талқыға да.  
Басқалар түсінбесе түсінбесін,  
Тұбінде түсінетін халқы ғана.

Көңілі тебіренсе домбырадай,  
Төгілмес құлақ күйін оң бұрамай.  
Атадан арыстан боп туғанменен,  
Тұтқасын ұстата ма тағдыр оңай?

Кең дала қанжылаған қасіреттен,  
Қазақтың қашан көзден жасы кепкен?  
Байланып Бостандықтың қол-аяғы,  
Кененің қанжығада басы кеткен.

Ту тігіп Абылай аспас сарыбелге,  
Кек қайтып, бастар ме екен елін өрге?  
Сарыарқа – айқастардың сахнасы,  
Сенделтіп салған талай әбігерге.

Алысса ауыздықпен арда көңіл,  
Тартуға қайғы деген арба жеңіл.  
Қобызға үнін қосып құңіренеді,  
Ежелгі Қазтуғаннан қалған Еділ.

Созылып сор өзені содан бері,  
Арнасы акқан сайын терендеді.  
Ойласа Орынборды опынады,  
Алаштың Орда тіккен кеменгери.

Жер қайда қиып алып қылғытпаса,  
Шындыққа шара бар ма шыр жүқпаса?  
Қазақтың астанасын аярлықпен,  
Ақмешіт, Алматыға сырғытпаса?

Жендеттер жаралғалы кімді аяпты,  
Көгендер көрі-жасты бірдей атты.  
Көмпеске, ашаршылық, отыз жеті –  
Кінәсіз халық қаны судай акты.

Корқаудың қиянаты ел есінде,  
Ойнаған төрт аяғы тәбесінде.  
Аштық пен оқтан қалған ақ сүйектер,  
Фасырдың көлденең тұр өңешінде.

Не керек қайран елін еңіретті,  
Өлгеннің орнына өкеп егін екті.  
Қараса, тарих беті таңдақ-таңдақ,  
Тұскендей жазылмайтын теміреткі...

## VII

Саңқ етті Алатаудың мұзбалагы,  
Жаңғырып жартас біткен, құз қарады.  
Шарықтап шырқау көкте жүрді-дағы,  
Бетке алып тартып кетті тұз даланы.

Тұр міне, Үшқоңырда – өзі шында,  
Ақиық барады ағып көз үшінда.  
Қыранды құс патшасы деп атайтын,  
Айналды бұрынғының сөзі шынға.

Ақиық Алатаудың иесі ме,  
Көк аспан соған ғана тиесі ме?  
Сияқты Абылайдың ақ бурасы,  
Көрінген өлде өзінің киесі ме?

Аспанда атқан оқтай құс ағады,  
Еске сап қасиетті нысананы.  
Қанатын сол қыранмен бірге қағып,  
Киялы қияндарға үшады ары.

Кеткендей елес беріп өлгі қыран,  
Қайыспас қайса ердің тағдырынан.  
Шыққан күн көкке өрмелеп бара жатты,  
Әлемнің алтын зерлі сандығынан.

Суырмай бұлттар бүгін алдаспанын,  
Шыңдар да құра қапты малдастарын.  
Қаз-қатар қолын жайып, бата беріп,  
Тілеуін тілегендей марғасқаның.

Көз тікті көк тіреген Талғар шыңға,  
Асқар жоқ одан асқан алды-артында.  
Биікке бір шықпаған бейшаралар,  
Тәккаппар таудың сырын аңгарсын ба?

Шығатын ең шыңына шыдағандар,  
Арманның шырқауындай мына заңғар.  
Біржола құз түбінде қалады екен,  
Биіктен басы айналып құлағандар.

Тимеген сауырына пенде аяғы,  
Орнында Хантәңірі сол баяғы.  
Тәңірдің тақытындағы аспандағы,  
Асқактап тұрган шығар тау нояны.

Жұлдыздай жарқырамай бір кемерден,  
Жалғаннның қызығына кім кенелген?  
Жорып тұр жақсылықтың нышанына,  
Гажапты түсіндегі тұнде көрген.

Тұрі бар “Карасайлап!” қонған атқа,  
Ешкім жоқ оң қанатта, сол қанатта.  
Түседі Қектің нұры шағылышып,  
Қолында жарқылдаған шарболатқа.

Тұлпардың тұяғынан жер сөгіліп,  
Алдынан жау қашады төңкеріліп.  
Үн қосып ұрандаған дауысына,  
Жан-жактан құйылады ел төгіліп.